

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 33 – 37

**D.O. Kusaynov, A.K. Kusaynova**

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

e-mail: bms\_fund77@mail.ru

**MODERN LAW INTERPRETATION**

**Abstract.** The paper deals with the essence of the content side of the law. Also in the work comprehensively investigated features of the modern law, the social purpose of the law in modern times. The paper also focuses on the function of modern law. The main conclusions and position of the author may be used to provide states policy in raising awareness and legal education of Kazakhstan society.

**Keywords:** law, legal interpretation, legal culture, legal nihilism, state, public authority, activities of the State.

**Д.О. Құсаинов, А.К. Құсаинова**

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

**ҚАЗІРГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАНЫМ**

**Аннотация.** Жұмыста қазіргі кездегі құқықтың мәні мен мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі құқықтың ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді. Сондай-ақ мақаланың авторы құқықтың ары қарай дамуына аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын мемлекеттік саясаттың қамтамасыз етілуіне, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** құқық, құқықтық таным, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі.

Құқық түсінігін анықтау мәселелері, оның әлеуметтік функцияларын анықтау мәселелері, құқықтағы ұғымдар мен санаттар, қолданыстағы жүйелер кез келген құқық тұжырымдамасы үшін негіз болып табылады, себебі олардың шешімі қағиданың түпкі мәніне, танымдық және де практикалық келешегіне тікелей байланысты.

Алайда, осы ұғымның "қимылсыздығы" салыстырмалы, ғаламдық және қоғамдық өзгерістің заманында, көрсетілген концептуалды ұғымның елегінен өткізу, экономикалық және де әлеуметтік өзгерістердің түбегейлі өзгеруі қажеттілігіне сүйенеді, табиғат пен адамзат ұстанымдармен жүйеленуі емес, керісінше қағидалар табиғат пен тарихқа сәйкес келген ұстанымдарға сәйкес келеді. Қазақстан ең бай құрылыстық тәжірибені иемдене отырып, жаңа демократиялық және экономикалық жүйені қалыптастырды. Біздің қоғамымыздың ықпалы әсерінен, бұл негізде бейхабар болып, біз барлық құндылықтардың сапалық тұрғыдағы өзге жүйесі мен адамдық қарым-қатынастардың жаңа түріне бейімделдік. Бірақ бұл еркіндік, М. Хайдеггердің айтуы бойынша, жеке тұлға өз жанының терең түсінуінің қажеттілігін айқындайды – себебі адам өзі ойлайды, яғни түсінеді [1, с. 105], ал нақтырақ айтсақ, «тұжырымдамалық ойлау қабілеті бізден біржақты көрініспен шектеліп қоймай, қалыпты әдеттен шығып, әрі қарай бағытқа ұмтылуымызды айтады» [1, с. 109]. Сондықтан да гуманитарлық құқық мағынасын түсіну, заңға деген құрметті қатынасу, сонымен қатар мемлекеттің жеке қызметіне, заңнамалық оңтайландыру мен атқарылуын жақсарту, атап айтқанда, құқықтық реттеу шекарасының дәл анықтамасын, адамның қызметіне құқықтың әсерін және де ғылыми ізденістерге жол табу, академик М.Баймахановтың айтуы бойынша

буржуазиялық және юриспруденциялық ойшылдар ұсынған осы санаттарды толық көпжақты талдау қажет [2, с. 93].

Кеңістіктегі посткеңестік республикаларда, сонымен қатар Қазақстанда да, түбегейлі түрлендіру, мемлекеттілік пен атрибуттардың ауысуы, экономикалық және қоғамдық дамуының іске асуы және т.б. буржуазиялық қауымдастықтың XVIII ғасырдың аяғы мен- XIX ғасырдың басында Батыс Еуропада батыс демократиясының тұрақты және бірте-бірте дамуын қамтамасыз етілуіндегі іргелі санаттары ғалымдардың қызығушылығын арттырды. Осы санаттағы айтарлықтай жоғары қызығушылық біздің мемлекетіміздің басым бағыттарының бірі болып табылуымен қатар сөзсіз жаһандық өзгеруіне, бұл тұрғыда бүкіл қоғамның тұрақтылығы мен жай-күйін қамтамасыз ету үшін қабылдану қажеттілігі біздің еліміздің басым бағыттарының бірі болып табылатыны сөзсіз.

В.А.Кимның әділ көзқарасы бойынша, «халық, адамдар тұрақтылыққа ұмтыла отырып, егер ол бұзылған жағдайда, күш біріктіріп толықтай қалпына келтіре алады. Түрлі сынақтардан өгіп, түрлі соғыстарда, көтерілістерде қайғы мен қасірет шегіп, күйзелген олар, өздерінің іс-әрекеттерімен мемлекеттік тұрақтылықты сақтап, экономикалық ауқатты, бейбіт өмірді, әлеуметтік бейбітшілік пен адам бірлігін сақтады. Адамзаттың тарихын зерттеу барысында, олардың тұрақтылықты сақтауы өз өмірін сақтау, өзін-өзін сақтау және тіршілік әрекетін сақтауының маңызды аспектісі болды» [3, с. 19].

«Құқық әлеуметтік ақиқаттық немесе нормативтік бейне емес. Олардың ұқсастығы жайлы айтуға болады,- дейді М. Баймаханов,- олар функционалды болып табылады, оның мағынасында, құрылымдық және кеңістік бір-біріне уақыт бойынша түзетіледі, жасанды емес, бір бірімен жеткілікті түрде байланыста болады. Бірақ құқық әлеуметтік шындықты жаңғырта алады» [2, с. 95]. Құқық - көп деңгейлі, көп өлшемді, көп қабатты құбылыс, бір жағынан қоғамның экономикалық құрылымы, әлеуметтік құрылым, саяси қатынастар мен тарихи дәстүрлер, үстем идеология және т.б., ал бір жағынан- субъективті фактор, әлеуметтік даму барысына елеулі әсер ететін, жеке тұлғаның қоғамдағы жағдайын көрсететін [4, с. 7], - бір еркіндік шараға тартылған формальды тең тараптар болып табылады» [5, с. 45].

Қаралатын тұжырымдамалардың көп өлшемділігі, қарама-қайшы жолдары, біздің қоғам мен мемлекет тарапынан өткен, отандық заң ғылымдарының жиынтығынан кейбір заң жобасының тұжырымдамасын бөліп айтуға болады: «құқықтық нигилизм»; нормативтік құқықтық түсінік; әлеуметтік қарым-қатынас тәсілі ретінде заң түсіну; заңды түсіну.

Арнайы әдебиеттерде, еліміздің заңдық доктриналар көзқарастарында - «заңды нигилизмнен құқықтық идеализмге» дейін кең ауқымды спектрін көрсетті. Заңның идеясы заңдық нормаларға емес, мемлекет басшысы, монархпен байланыстырды. Қоғамдық санада мемлекеттік билік тәртібін заңи тұрғыда түсіну нық қалыптасты.

Сондықтан да, Марксистік - лениндік көзқарас тұрғысында құқықтың түсінігі және әлеуметтік мақсаты біздің мемлекетіміз бен ортақ қоғамның даму жолындағы логикалық бітісі болады. Мемлекеттік билікпен қорғалатын, айтылмыш қоғамға экономикалық және де басқа да әсер ететін қоғамдық қатынастар мен нормаларды реттейтін және сыныптың үстемдігін бекітуін көздейді [6, с. 45].

Әлеуметтік жағдайды тудыратын трансформация қағидаларының соңғы бөліміндегі құқық нормаларының бір бөлігі қажетсіз болады, ал басқа нормалар заңдық сипатын жоғалтып, мәжбүрлі санкциялардан мұқтаж болмай, коммунистік қоғамдық өзін-өзі басқару әлеуметтік жүйесіне түрленген күйінде енеді», бұл құқық пен мемлекеттік тығыз байланыстылығын көрсетеді.

Қоғамдық өзгерістерге тез бейімделіп, қарқынды даму барысында жаһандық құқықтық нигилизм төмендегідей түрлерде көрінеді:

1) қолданыстағы заңның және өзге де құқықтық актілердің тікелей бұзылуы, қылмыстық құқықтық әрекеттерді жауаптылыққа тарту, сондай-ақ азаматтық, әкімшілік және де тәртіптік теріс қылықтар;

2) субъектілер (азаматтар, шенеуніктер, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар) кең таралған және жаппай орындамау негізінде өздерінің іс-әрекеттерін құқықтық норма талаптарына сәйкес келтірмей, өз ережелерімен өмір сүруі;

3) қарама-қайшы, немесе тіпті өзара параллель нормативтік құқықтық актілерді шығару, («нақтылауды», «түсіндіруді» ведомствалық тәртіпке сай барлық деңгейлердегі шенеуліктермен норманы орындаудағы міндетін, «заңға тәуелділікпен» егжей-тегжейлі түзету).

Жоғарыда көрсетілген құқықтық нигилизм қатынасындағы- «ведомствалық» түсінігі, құқық және азаматтық қоғам ережесін құру негізіне себеп болатын, заңды құқықтың жоғарғы қайнар көзі ретінде және де заңға түзетулер енгізу жүйесіндегі барлық деңгейлердегі шенеуліктердің адам құқығын құрметтемеу құзіретінде.

Қазіргі заманғы дүниежүзілік еуропалық құқықтық ойларда көбінесе екі құқықтық түсінік арасындағы жалпы көріністі айырады: заңдық позитивизм және шынайы-құқықтық мектеп. Бірінші бағытты қолдаушылар құқық дегенде мемлекет тарапынан шығатын заңнамаларда немесе басқа да нормативтік актілерде қамтылған өзінің бұзылған құқығымен (легистикалық немесе заңды позитивизм) қорғалатын ережелер жиынтығын көрсетеді. Заңдық позитивизм өзінің әртүрлі ағыстарында мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қамтамасыз етіп, салыстырмалы айрықша құқықтық сипат алады [8, с. 21].

Кеңістіктегі позитивистік құқықтық концепцияға сай «құқық- формальды анықталаған ережелер негізінде белгілі бір мінез-құлық еркіндігін жауапкершілікпен қатар қуатты мемлекеттік өлшемдерге сай жүргізілетін жалпы қажетті жүйе», бұл негізде «нормативтік», «тар», «тар нормативтік» тұжырымдамалар пайда болды [9, с. 104].

Конститутивті белгіліде құқық нормативтік түсінікте сипатталады:

1) бұл мемлекет белгілеген немесе уәкілетті ережелер жинағымен орнатылған жиынтық немесе жүйе;

2) ресми анықтамамен басқа әлеуметтік нормалардың алдындағы басымдылық, құқықтықтың ресми өкімінің атрибутивтік белгілеріне жалпыламалық, формалдық және айқындылық жатады;

3) мемлекет өз алдына құқықтық ресми өкімдердің сақталуын қамтамасыз етеді, жазалаушы және құқықты қалпына келтіру санкциялары, сонымен қатар ынталандыру шаралары жүзеге асады;

4) құқықтық нормалар адамның тәртібіне, жеке және заңды тұлға арасында туындайтын қатынастарды тікелей немесе құқықтық қатынастар арқылы реттейді;

Құқық түсінігін келтірген мысалда анықталған элемент болып- тікелей мемлекетпен тығыз байланыс ретінде анықталған күш көзі, мемлекетпен шығарылған және оның орындауын қамтамасыз етеді.

Мынадай тұжырымдамада құқықтық түсінік атрибуты болып оның нормативтілігі болады. Құқық норма жүйесі ретінде- ең алдымен объективті мағынада болады, бірақ ол қолданыстағы ережелер жүйесі - еркіндіктің ауқымды көлемі ретінде болып, тәртіп ережесі, арнаулы айтылмыш шара, қоғамдық қатынастардың белгілі бір құқықтары мен міндеттерін бекіту арқылы жүзеге асады. Басқаша айтқанда, ол тұратын жүйе стандарттары объективті және субъективті мағынада өзара іс-қимылды білдіреді. Нормативтік құқықтық тұжырымдамасының күшті жағы болып «қазіргі заманғы түсінікпен дискретті-органикалық байланысқан демократия, нағыз әрекетінде құқықтық түсінік заңнамаға жетілдіру негізінде, сонымен қатар заңнамалық техника дәрежесін көтеруге, нормативтік актілердің есебін жүргізу және жүйелеу...» [10, с. 3]. Бұл тәсіл тәртібі туралы, атап айтқанда, біздің зерттеу объектісі болып табылатын құқық қорғау процесіндегі ережелерді түсіндіру негізделген.

Алайда логикалық қайшылық және прагматикалық өзара түсінік туралы практикалық болашағына қарамастан, нормативті концепция, біздің ойымызша, құқықтық болмысқа сәйкес келмейді. Біріншіден, көпөлшемді тұжырымдама түсінігінің күрделілігіне сәйкес біздің құқықтық субъективті түсінігіміз әрқашан басқаларына қарағанда кең. Екіншіден, норма мәні, «тар» құқық түсінігінде қызметтің ескерілмеуін және өзінің билік бағыт мазмұнын, мемлекеттің қайнар көзі ретінде, жолсерік және құқықтың кепілін елемей, қоғамда плюрализмді жоққа шығарады.

Үшіншіден, тарих шынында да, тұрақталған жазбаша құқықтық ережелер жүйесінсіз орындалған жекелеген елдерді, тұтас бір дәуірдің тарихын біледі.

Мемлекеттегі жазылған ережелерді құқықтық іске асыру барысында оны құқықтың бір бөлігі ретінде қарап, «құқық әрқашан әрекетте» ұранын ұсынады. Тіркелген ережелермен бірге «тірі заң» күші бар, нақты қоғамдық құқықтық нормада тіркелген қатынастарды реттейді. Осыған байланысты «құқық икемділік» идеясын негіздеу, яғни, үздіксіз жүйеде соттың еркіндік талабын қадағалау, оның құқықтық нормаларына түзету енгізу және де әкімшілік құқықтық заң шығару жүйесіндегі орнын анықтау.

С. Н. Сабикеновтың былай тұжырымдайды, «қолданыстағы мүдделердің тұрақты өзгеруі мен жаңа құқықтық тануда белгісіз қызығушылық тудырып... құқық өз табиғатында тұрақты, қоғамның реттелудің тұрақты жүйесі болуына қарамастан, құқықтық жүйеге динамикалық мінез береді. Ағымдағы заңға сәйкес қызығушылықтарын білдіру тұрақтылықты қажет етуі. Тек осы өзгерістер негізінде, қоғамдық қызығушылықтың өсуі мен мүдделерінің қажеттілігі ақталған болып табылады. Осылайша, әлеуметтік теорияларға мынадай сипаттама береміз: құқыққа функционалды көзқарас, құқықтық қатынастарды негіз ретінде бөлу, құқықтың заңға «қайшы келмеуі», құқықтың әлеуметтік өзгерістер құралы ретінде талдау, әлеуметтік топтар арасындағы әртүрлі қызығушылықтардың пайда болуы. Құқықтық теорияның қазіргі деңгейі құқықты үлкен әлеуметтік жүйені реттейтін құндылық ретінде анықтауға көмектеседі. Формальді орнатылған, нормативтік актілерде, сот прецеденттерінде көрсетілген немесе тіркелген нормалар (мінез- құлық ережелері), басқа да мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары түрінде ретке келтіру мақсатында қоғамдық қатынастарды реттеуді көздейді» [11, 32 б.].

Құқықты түсінудің екі жолының өз кемшіліктері мен артықшылықтары бар. «Тар» мағынада құқықты түсінуде нормалар мемлекеттің мәжбүр ету шараларымен жүзеге асады. «Кең» мағынада құқықты түсіну бұл бағыттан алғанда әлде қайда инабатты болып табылады, алайда осы тұжырымдаманы ұстанатын ғалымдар осы күнге дейін құқықты анықтаудың жалпы танылған түсінігін таппады. Объективті құқық жазылған құқыққа сәйкес келмейді.

Біздің ойымызша қазіргі уақыттағы жұмыс істеп жатқан отандық құқықты логикалық жағынан түсіну дұрыс, өйткені ол өкілетті органдар арқылы заңи нормаларда орнын тапқан. Осылайша жұмыс істеп жатқан құқық шынайы құқықтық және нормативті тұжырымдамаларды жинақтайды.

Қоғамның дамудың тұрақты, тиінақты динамикаға жетуі заңшығарушының дұрыс ұмтылыстарды орындауды және қоғамның құқықтық қажеттіліктерді уақытылы қанағаттандыру, демек, түсінудің нормативті теорияны және құқық қолдануды өзектендіру, адамзат өркениетінің идеалы ретінде заңдылық қағиданың әсерін күшейтуді білдіреді.

Қорытындылай келе, қазіргі философиялық герменевтика құқық түсіндіру теориясының философиялық – қисынды базасы болып табылатыны туралы ерекше көңіл аудару тиіс, өйткені герменевтиканың шеңберінде нормативтік – құқықтық актілерді түсіндіру үдерісінде қолданылуы мүмкін мәндерді түсіндірудің жалпы қағидалардың жүйесі зерттеп дайындалады; құқық нормалар және фактілер туралы білімдерді өзара айқындау және дәйектеу арқылы заңды істі дұрыс шешуге жол беретін заңды істі шешудің «алдын ала нұсқаудың» кейбір модельдері методологиялық және танымдық әдістерді қалыптастырылды; құқықты түсіндіру ұғымы қоғамдық өмірдің құқықтық саласында адамзат болмысының үдерісіне жалғасатын таным қызметінің ерекше түрі ретінде тұжырымдалды.

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Хайдеггер М. Разговор на проселочной дороге: Сборник / Пер. с нем.; Под ред. А.Л. Доброхотова. - М: Высшая школа, 1991. - 387 с.

[2] Баймаханов М. О некоторых подходах к решению проблем правопонимания//Научные труды «Адилет». -2000.- № 1.- С. 93-101.

[3] Кенжалиев З.Ж., Ким В.А. Қазақстан Республикасында конституциялық заңнамасының дамуы. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 120 б.

- [4] Абдрасулов Е. Б. Толкование норм права в истории правовой мысли: Учебное пособие. - Алматы: Шыгыс баспа, 2000. - 147 с.
- [5] Абдулаев М.И. Права человека. - СПб., 1998. - 245 с.
- [6] Спиридонов Л.И. Теория государства и права. - М., 1999. - 456 с.
- [7] Теория государства и права (курс лекций) / Под ред. Н.И. Матузова, А.В. Малько. - М.: Юрист, 1997. - 671 с.
- [8] Кельзен Г. Чистое учение о праве Г. Кельзена. - Вып. 1. - 1987. - 195 с.
- [9] Лазарев В.В., Липень С.В. Теория государства и права. Учебник. - М., 2001. - 378 с.
- [10] Нерсесянц В.С. Философия права: Учебник для вузов. - М.: Издательская группа ИНФРА-М - НОРМА, 1997. - 616 с.
- [11] Сәбікенов С.Н. Салыстырмалы мемлекеттік құқық: оқулық. - Алматы: Өркеніет, 2000. - 408 б.

#### REFERENCES

- [1] Heidegger M. Razgovor na proselochnoi doroge: Sbornik; Pod. red. A.L. Dobrohotova. - M: Vysshaya shkola, 1991. - 387 p.
- [2] Baimahanov M. O nekotoryh podhodah k resheniu problem pravoponimaniya // Nauchnie trudy «Adilet». -2000.- № 1.- 93-101p.
- [3] Kenzhaliev Z.Zh., Kim V.A. Kazakstan Respublikasynda konstituciyaalyk zannamanyn damui . - Almaty: Zheti zhargy, 2008. - 120 p.
- [4] Abdrasulov E.B. Tolkovanie norm prava v istorii pravovoi mysli: Uchebnoe posobie. - Almaty: Shygys baspa, 2000. - 147 p.
- [5] Abdulaev M.I. Prava cheloveka. - Spb., 1998. - 245 p.
- [6] Spidironov L.I. Teoriya gosudarstva i prava - M., 1999. - 456 p.
- [7] Teoriya gosudarstva i prava (kurs lekciy) / Pod red. N.I. Matuzova, A. V. Malko. - M.: Urist, 1997. - 671 p.
- [8] Kelzen G. Chistoe uchenie o prave G. Kelzena . - Вып. 1. - 1987. - 195 p.
- [9] Lazarev V.V., Lipen S.V. Teoriya gosudarstva i prava. Uchebnik. - M., 2001. - 378 p.
- [10] Nersesyants V.S. Filosofiya prava: Uchebnik dlya vuzov. - M.: Izdatelskaya gruppa Infra-M - Norma, 1997. - 616 p.
- [11] Sabikenov S.N. Salystyrmaly memlekettik kukik: okulik. - Almaty: Orkeniet, 2000. - 408 p.

**Д.О. Кусаинов, А.К. Кусаинова**

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.Алматы

#### СОВРЕМЕННОЕ ПРАВОПОНИМАНИЕ

**Аннотация.** В работе рассматриваются содержательные стороны сущности права и правопонимания. Также в работе всесторонне исследуются особенности современного права. В работе также особое внимание уделяется на функции современных государств. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в обеспечении политики государства, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

**Ключевые слова:** право, правопонимание, правовая культура, правовой нигилизм, государство, государственный орган, деятельность государства

#### Сведения об авторах:

Д.О. Кусаинов – кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби;

А.К. Кусаинова – кандидат юридических наук, доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права юридического факультета КазНУ имени аль-Фараби